

**Қызылорда медициналық жоғары колледжі
63- топ, “мейірбике ісі” қолданбалы бакалавриат**

**ЭНДОКРИН ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫ БАР
ПАЦИЕНТТЕРГЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТБАСЫ
МҮШЕЛЕРІНЕ РЕАБИЛИТАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІН
ҮЙРЕТУ**

Курс атауы: “Функционалды мүмкіншіліктерді жақсарту”

Курс жетекшісі: Жундабекова С.С

Орындағандар: Әбдразақ Әйгерім

Ерсінова Арайлым

Оқытудың мақсаты:

Қант диабеті ауруына қатысты қауіп-қатерлі топтарды анықтап, ауруды дер кезінде, асқынуға жол бермей анықтап, емдеу және бақылауға алу және қант диабеті туралы толық ақпарат бере отырып күресу жолдарын және диабеттің асқынуын болдырмауға үйрету. Өмірге деген қызығушылығын арттыру.

.Сонымен қатар пациентті және оның отбасы мүшелерін глюкометр қолдануды үйрету.

Оқытудың міндеті:

Ауру жайлы жалпы мағлұмат беру, қолжетімді өзіндік диагностика, психикалық және физикалық күйіне өзіндік бақылау, өзіндік алғашқы көмек пен ем тәсілдеріне үйрету; өзіндік күтім бойынша тәжірибелік машыққа ие болу; дәрігер мен медбике нұсқаулықтарын орындауға пациенттің ішкі мотивациясын ояту, активтеу; персональды психологиялық және медициналық көмек көрсету

Оқыту тәсілдері: түсіндіру – иллюстративті, репродуктивті.

Оқыту түрлері: дәріс – семинар, көрнекілік құралдар (брошюра, электронды презентациялар), видео ролик көрсету.

Оқыту бағдарламасы: пациент үшін.

Оқыту алгоритмі:

Кіріспе.

Сәлеметсіз бе? Отырыңыз (танысу, анамнез жинау). Бүгін мен сізге эндокрин жүйесінің ауруының бірі қант диабеті ауруы туралы айтамын. Ең алдымен сізге бұл сабақтың негізгі мақсатымен таныстыра кетсем: қант диабеті ауруына қатысты қауіп-қатерлі топтарды анықтап, ауруды дер кезінде, асқынуға жол бермей анықтап, емдеу және бақылауға алу. Сонымен қатар пациентті және оның отбасы мүшелерін глюкометр қолдануды үйрету.

Енді міндеті: Ауру жайлы жалпы мағлұмат беру, қолжетімді өзіндік диагностика, психикалық және физикалық күйіне өзіндік бақылау, өзіндік алғашқы көмек пен ем тәсілдеріне үйрету; өзіндік күтім бойынша тәжірибелік машыққа ие болу; дәрігер мен медбике нұсқаулықтарын орындауға пациенттің ішкі мотивациясын ояту, активтеу; персоналды психологиялық және медициналық көмек көрсету болып табылады.

Жоспары:

1. Сауалнама жүргізу
2. Проблемасын анықтау (глюкометрді қолдануды үйрету).
3. Жоспар құру(лекция оқу).
4. Жоспарды іске асыру(пациенттің түсінгендігін сұрастыру).
5. Глюкометрді үйрету және пациенттен сұрастыру (медбике көмегімен).
6. Пациент өзін бағалайды.
7. Мейірбике пациентті бағалайды.

Ең алдымен эндокрин аурулары жайында, соның ішінде қант диабеті ауруы жайында сіздер білесіз бе соны анықтау үшін кішігірім сауалнама алғым келіп отыр.

Сауалнама:

1. Қант диабеті ауруы жайлы білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

2. Қант диабеті ауруының белгілерін білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

3. Қант диабеті ауруына алып келетін қауіп факторлары жайлы білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

4. Қант диабеті ауруының тамақтану ерекшелігін білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

5. Қандағы қант мөлшерін қалай анықтау керектігін білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

6. Қандағы қант мөлшерін білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

Қант диабеті

— бұл қанда қант мөлшерінің көбейіп кетуінен пайда болатын дерт. Бұл аурумен жас та, кемел жастағылар да, кәрі де ауырады.

- Бұл ауру 40-тан асқан, тамақты шектен тыс ішіп, толыса бастаған адамдарға тән болып келеді.
- Қант диабеті - көмірсутек, май, ақуыздың зат алмасуының созылмалы бұзылуы, яғни қанға көп мөлшерде қант түйіршегінің бөлінуі болып табылады. Диабет инсулиннің асқазан асты безінен жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі салдарынан басталады. Инсулинсіз ағза қант түйіршегін өңдей алмайды. Соның салдарынан қанның құрамында қант мөлшері артады.

Қант диабетінің дамуы қауіп-қатерінің факторлары:

- Тиімсіз тамақтану;
- Аз қимылдау;
- Артық салмақ;
- Қант диабеті бар бірінші жолдағы туысқандар;
- Қатал күйзелістік жағдай, ұзақ уақыт бойғы артық күш жұмсау;
- Жүрек- қан тамырлары аурулары: артериальдық гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, атеросклероз;
- Ұйқыбезінің аурулары (панкреатит, обыр)

Қант диабетінің негізгі белгілері:

- үнемі сусап тұру (полидипсия)
- кіші дәреттің жиілеп, көп болуы (полиурия)
- үнемі шаршаулы сезіну (полифагия)
- қол-аяқтың ұйып, жансыздануы
- үнемі қарын аштығынан арылмау
- салмақ азаюы

Қант диабетінің екінші деңгейлі белгілері:

- терінің қышуы
- көздің көру қабілетінің айырылуы («тұман көлегейлегендей»)
- жыныс қынабының жиі инфекциямен ауыруы
- аяққа жазылмайтын созылмалы жара шығуы.
- естен тану (қысылтаяң жағдайларда)

Пациенттен түсінгендігін сұрау.

Түсінбеген жағдайда қайта түсіндіру жұмысын жүргізу.

Қандағы глюкозаны анықтауды үйрету

Құрылысымен таныстырсам.

1. Глюкометрден.
2. Тест жолақшасынан.
3. Скалификатордан тұрады.

Қандағы қант мөлшерін аш қарында өлшенеді. қалыпты жағдайда 3,3-5,5 м/моль.

Саусақтан қан алынады. Саусақ ұшын арнайы қазіргі заманғы ланцетпен автоматтандырылған тескіш көмегімен тесіп, тамшы қан алынады. Саусақ ұшының ортасынан емес, жанынан тесудің мәні бар, ауырмайды, онда нерв ұштары азырақ. Глюкометр жолақшасына қан тамшысы түсумен, есеп құралы қандағы қант деңгейін көрсетеді.



1. Пациенттен түсінгендігі жайлы сұрау
2. Мейірбике көмегімен глюкометр қолдануды көрсету
3. Мейірбике көмегінсіз пациент өзі көрсету.

Пациент өз-өзін бағалауы _____

Мейірбике пациентті бағалайды _____

Қант диабеті туралы толық ақпарат білесіз бе?	Қандағы қант мөлшерін анықтайтын құралдарды білесіз бе ?	Глюкометрді өз бетінше қолдана аласыз ба?	Глюкометр аппаратының экранында көрсетілген глюкоза мөлшерін бағалай аласыз ба?(қалыпты жағдайда 3,3-5,5 м/моль)

«Қызыл» түспен бояу – барлығы түсінікті болды

«Сары» түспен бояу – тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындады

«Көк» түспен бояу – тапсырманы орындай алмадым